



«Еліміздің ертеңі бүгінгі
ұрпақтың қолында, ал
ұрпақтың тағдыры
ұстаздың қолында»

Н.Ә.Назарбаев.

**Білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту
жағдайында сапалы біліммен
қамтамасыз ету**


АЛТЫНШЫ ҚҰНДЫЛЫҚ: Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі:
I бөлім “Таза, мінсіз асыл сөз”

Сабақ тақырыбы:
“Керкұла атты Кендебай” ертегісінің маңызы

5.Б/С2

Оқу мақсаты:
Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау



Тілдік мақсаттар

Оқушылар: Шығармадағы омоним, синоним, антоним сөздердің баламасын таба алады.

Негізгі сөздер мен тіркестер: Ертегі, сюжет, кейіпкер, образ, метафора, теңеу, әсірелеу.


Пән лексикасы және терминология: Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтайды. Керкұла, Төбелері көкке жетіпті (әсірелеу), Арыстандай көкжал бөрі (теңеу), Алтын құйрықты, құндыз жүнді (метафора) тіркестерінің мағынасын ашады.

Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестері:

1. Қалай ойлайсың, Кендебай мен Ер Төстіктің бейнесінде ұқсастық бар ма?
2. Кендебайдың бойында үлгі боларлық қандай қасиеттерді байқадың?
3. Бұл шығарма неліктен қиял ғажайып ертегіге жатады?


Сабақтың мақсаттары

- **Барлық оқушылар:** Мәтіннің мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты анықтайды.
- **Оқушылардың көпшілігі:** Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстыра отырып, саралайды, өз ойын жинақтайды.
- **Кейбір оқушылар:** Шығарманың кейіпкерін шынайы өмірмен салыстыра отырып, сыни тұрғыдан бағалай біледі.



Жетістік критерийлері:

- Шығарма кейіпкерлерінің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажыратады.
- Кейіпкерлердің қасиеттерін шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра бағалайды.



Осыған дейін меңгерілген білім

5 А/И 3 *«Керқұла атты Кендебай» ертегісінің көркемдік ерекшелігі*

1. Алты санының шығармадағы орнын айта аламысыңдар?
2. Керқұла ат пен Кендебайдың өсуінде қандай ұқсастық бар?



«Ой қозғау»



1. Кендебай ең алдымен қандай адам?
2. Қалай ойлайсыңдар, неліктен шығарма Керқұла атты Кендебай деп аталады?
3. Кер және құла сөздеріне анықтама бере аласыңдар ма?

Топтық жұмыс

1-тапсырма *«Бағдаршам» арқылы бағаланады*

Ертегідегі бір кейіпкерге талдау жасаңыз. Кейіпкердің бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін топтастырыңыз.

Кейіпкер	Жағымды қасиеттері	Дәлел	Жағымсыз қасиеттері	Дәлел
	1.		1.	
	2.		2.	

2-тапсырма

Өзіңіз таңдаған бір кейіпкердің бойындағы қасиеттерді қазіргі өмірдегі адамдар мен батырларды салыстыра отырып бағалаңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
	1	Кейіпкерлердің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді анықтайды;	1
		Жағымды және жағымсыз қасиетке салыстыра отырып ертегіден бір дәлел келтіреді;	1
	2	Ертегі кейіпкерлерінің бойындағы анықталған қасиеттердің қазіргі өмірдегі адамдардың және батырлардың бойында кездесу / кездеспеуін салыстырады.	1
		Салыстыру арқылы кейіпкерге өзіндік баға береді.	1

Жұптық жұмыс

«Лездеме» әдісі

Үш топтан екі-екі оқушыдан шығып, адасқан сөйлемдерді мағынасына қарай жылдам сәйкестендіріп, көрінетін тұстарын анықтайды және айтады. Синоним, антоним және тұрақты тіркестерді табады.

Қайырымдылығы	↔	Жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті.
Қамқорлығы	↔	Қарасудың бойындағы жыртық үйлі кедейлерді аң аулап асырауы
Жанашырлығы	↔	Жетім баланы жұбатып, әке-шешесін тауып беруге уәде беруі.
Адалдығы	↔	Жұлынып қалған құлынның алтын құйрығын ханға табыс етуі.
Шыншылдығы	↔	Шаршаса да түні бойы көз ілмей құлынды күзеткендігі.
Ақылдылығы	↔	Ханға келген шаруасын, өзінің қарапайым адам екенін айтуы, баланың әке-шешесін босатуға рұқсатын сұрағандығында.

ҚБ **Қол шапалақ** арқылы
бағаланады

Саралау әдісі

1. Кендебайға ұқсағың келе ме? Қай қасиеті көбірек ұнайды?
2. Кендебайдың ерлік істерге баруына не себеп болды?
3. Қазіргі өмірдің Кендебайлары туралы өз ойың. Мақал-мәтелдермен толықтыр.

Дескриптор:

- Кендебайдың қандай қасиеті көбірек ұнайтынын айтады.
- Кендебайдың ерлік істерге баруының себепін анықтайды.
- Қазіргі өмірдің Кендебайлары туралы ойын білдіріп, мақал-мәтелдермен толықтырады.

«Басбармақ» арқылы бағаланады

Кері байланыс

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Үйге тапсырма

«Керқұла аттың өсіп-жетілуі» деген тақырыпты негізге алып, ертегі әңгіме жазып келу.